

## БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

## С с дыбысы мен әрпі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
18.01.2018СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/24376/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Айдарбекова Алтынай Демегеновна**

**Сабақтың мақсаты:** 1. С дыбысын дұрыс дыбыстату, әрпін таныту. Өткен дыбысты қайталай отырып, есте сақтау қабілетін арттыру. 2. С дыбысы бар сөз, сөйлем құрату арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту. 3. Балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорын молайту.

**Сабақтың түрі:** жаңа сабақ, жұмбақ шешу, ребус.

**Сабақтың көрнекілігі:** кеспе әріптер, суреттер.

**Сабақтың барысы:****I. Ұйымдастыру кезеңі**

-амандасу, түгендеу, назарын сабаққа аудару.

Психологиялық дайындық

Біз қандаймыз, қандаймыз,

Шұғылалы таңдаймыз.

Жарқыраған күндейміз,

Ренжисуді білмейміз.

**II. Үй тапсырмасын тексеру**

-Балалар, біз қандай дыбыспен таныстық?

-Б дыбысымен

-Б дыбысына сөздер ойлатқызу

-Бақа, балық, балмұздақ,

-Б дыбысы қандай дыбыс?

-Б дыбысы дауыссыз дыбыс, ұяң, кедергіге ұшырайды.

### III. Жаңа сабақ

#### **Қызығушылығын ояту: Жұмбақ шешу.**

-Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын соны тапсаңыздар келесі дыбыспен танысамыз.

Жаздай інге тығылып,

Жатқан қызыл түлкіні.

Құйрығымен суырып

Әкелді әжем бір күні. *(Сәбіз)*

Өміріңді өлшейді,

Ешкімнен сұрамай.

Тіліңді алмайды,

Тетігін бұрамай. *(Сағат)*

Сәбіз неше дыбыстан құралған? Сәбіз сөзін буынға бөлгізу, с дыбысы қай буында тұрғанын тапқызу. *( 5-дыбыс, сә-біз, 1-ші буын-сә, 2-ші буын-біз).*

Сағат неше дыбыстан құралған? Сағат сөзін буынға бөлгізу, с дыбысы қай буында тұрғанын тапқызу. *( 5-дыбыс, са-ғат, 1-ші буын-са, 2-ші буын-ғат).*

#### **Тіл ұстарту жаттығуы.**

Са-са-са

Ызыңдайды маса

**Оқулықпен жұмыс.**

-Балалар, канекей оқулығымызды ашайық бүгін біздің танысатын дыбысымыз оқулығымыздың оң жағында екен.

— С дыбысы дауыссыз дыбыс, дауыссыздың қайсысы-қатаң, көк түспен белгіленген.

— Енді балалар, оқулығымыздағы суреттерге назар аударайық.

-Асық, сандық, күнбағыс

-Осы сөздерді түсіндіріп, буынға бөлу,

-Бағандағы сөздерді оқыту, түсіндіру.

-Бос торкөздегі сөздерді толықтыру.

-сөйлем құрату (асхана, аспан)

-сөз құрату (бас, тас, лас).

**Сергіту сәті**

Орынымыздан тұрайық,

Қол-қолға ұрайық.

Бір отырып, бір тұрып

Орнымызды табайық

Әдемі етіп жазайық.

**Дәптермен жұмыс**

Ең алдымен ауада жазғызу

Үлгі бойынша с әрпінің баспа түрін жазғызу.

Бос тор көздерді толтыру.

**Дидактикалық ойын:** Өткен әріптермен және С әрпінен басталатын ребусту сурет арқылы шешу, оған сөйлем құрату.

**Қорытындылау**

- Сонымен, балалар бүгін қандай дыбыспен таныстық?
- С дыбысы қандай дыбыс?
- С дыбысына байланысты қандай сөздер білеміз?
- Қыздар құлағына тағады?
- Қыздар басына киеді?
- Қыздар қолына тағады?
- Қазір қай мезгіл?
- Мектепте не оқимыз?

Балалар осымен сабағымыз аяқталды. Қонақтармен қоштасайық.

Сабаққа жақсы қатысқан балаларды жұлдызшалар, төртбұрыштармен бағалаймыз, мадақтаймыз.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.